

Маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 наурыздағы N 206 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Астрофизикалық зерттеулер орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны 2006 жылға "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша 2666100000 (екі миллиард алты жүз алпыс алты миллион бір жүз мың) теңге сомасына қосымшаға сәйкес сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстарды берушілер мен қызметтерді көрсетушілер болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген т е р т і п п е н :

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғалармен мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуды;

2) осы қаулыға сәйкес жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 3, 4-тармақтарын орындауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2006 жылғы 25 наурыздағы

N 206 қаулысына

қосымша

"2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру

бойынша сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстар мен қызметтердің тізбесі

"Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы

1. Ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-технологиялық
б ю р о с ы н к ұ р у .
2. Төменгі жер маңындағы және геостационарлық орбитада ҒА-ның
жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін әмбебап ғарыш
платформасын құрудың техника-экономикалық негіздемесін
ә з і р л е у .
3. Тікелей телехабарларды таратудың және мультимедиа
интерактивті қызметтерін ұсынудың ұлттық геостационарлық
байланыс спутнигін құру және ұшыру жөнінде ұсыныстар
д а й ы н д а у .
4. Ұлттық ғарыш жүйесінің Жерді қашықтықтан зондтау ҒА-ның
нобайлық жобасын әзірлеу.
5. Ғылыми мақсаттағы ҒА-ын құру жөніндегі жобалау
м а т е р и а л д а р ы н ә з і р л е у .
6. "Гонец-М" дербес байланыс спутнигінің көп функционалды
жүйесін құру жөніндегі пилоттық жобаны орындау.
7. "Сарышаған" полигонының оптикалық және радиотехникалық
құралдары базасында Қазақстан Республикасының
командалық-өлшеу кешенін құру.
8. Старт алатын зымырантасығыштар туралы ұшу ақпаратын
к ө р с е т у о р т а л ы ғы н к ұ р у .
9. "МИГ-31Д" ұшағының базасында "Есіл" авиациялық зымыран -
ғарыш кешенін құру.

"Астрофизикалық зерттеулер орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

10. Ғарыш кеңістігі радиациялық мониторингінің халықаралық жүйесін құруға
қ а т ы с у .
11. Дағдарысты элементтердің жергілікті экрандары (қорғаныш корпустары)
есебінен аппаратураның арнайы төзімділігін және ғарыштық сәулеленудің әсеріне
қорғаныш экрандарының ресурстық сынақтарын жүргізуді қамтамасыз ету.
12. Арнайы төзімді және температураға төзімділігі жоғары электронды

компоненттік базаны әзірлеу және енгізу әрі ғарыштық сәулеленудің әсеріне ресурстық
с ы н а қ т а р ж ү р г і з у .

13. Алматы қаласындағы "Орбита" радиополигонының техникалық құралдарын
ж а ң ғ ы р т у .

14. Алматы қаласындағы "Ғарыш станциясы" эксперименталдық базасын жаңғырту.

15. Жер үстінде ғылыми-техникалық жұмыстар жүргізу және Халықаралық ғарыш
станциясының бортында іске асыру үшін Қазақстан Республикасының ғылыми
сараптамалар мен зерттеулер бағдарламасын әзірлеу.

16. Мамандарды аэроғарыш бағыты бойынша қашықтықтан оқыту технологиясын
әзірлеу және енгізу.